

Байғанин ауданы аумағында табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Байғанин ауданы әкімінің 2018 жылғы 11 қыркүйектегі № 19 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Байғанин аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 14 қыркүйекте № 3-4-181 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин ауданы әкімінің 2019 жылғы 20 тамыздағы № 13 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин ауданы әкімінің 20.08.2019 № 13 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабы 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48 бабына және 50 бабы 2 тармағының 2) тармақшасына сәйкес, "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 қаулысына, Байғанин ауданының әкімдігі жанындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссиясы отырысының 2018 жылғы 29 тамыздағы № 3 хаттамасы негізінде, аудан аумағындағы елді мекендердің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету мақсатында Байғанин ауданының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Байғанин ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Төтенше жағдайды жою басшысы болып Байғанин ауданы әкімінің орынбасары Ж. Жаңабай тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. "Байғанин ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Байғанин аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Шериязданов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК